

## Қазақстан Республикасының 1 қысқы Спартакиадасын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 22 қазандағы N 256-ө өкімі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 6.6.1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы ақпан-наурыз айларында Қазақстан Республикасының 1 қысқы Спартакиадасын өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 1 қысқы Спартакиадасына дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен және Шығыс Қазақстан облысының әкімімен бірлесіп, 2004 жылғы 21 наурызда Риддер қаласында қысқы Спартакиада (бұдан әрі - қысқы Спартакиада) ашылуының салтанатты рәсімін өткізсін.

4. Облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының әкімдері жарыстардың бірінші және екінші кезеңдерін өткізуді, облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының құрама командаларын қысқы Спартакиаданың ашылуы мен финалдық жарыстардың салтанатты рәсімдеріне даярлау мен қатысуды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі қысқы Спартакиадаға қатысушылардың тұратын және жарыстар өткізілетін әрі ашылу рәсімі өтетін жерлерде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі қысқы Спартакиадаға дайындық пен оның өту барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялауды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі қысқы Спартакиадаға қатысушылар үшін жол жүру билеттерін брондауды ұйымдастыруға жәрдем көрсетсін.

8. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі қысқы Спартакиадаға қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

*Премьер-Министр*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 2

қ а з а н д а ғ ы

N 2 5 6 ө к і м і м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының 1 қысқы Спартакиадасына дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы**

- Тұрлыханов - Қазақстан Республикасы Туризм және  
Дәулет Болатұлы спорт жөніндегі агенттігінің төрағасы,  
төраға
- Абайділдин - Шығыс Қазақстан облысының әкімі,  
Талғатбек Жәмшитұлы орынбасар
- Бақтығұтов - Шығыс Қазақстан облысы, Риддер  
Шәкәрім Сабырұлы қаласының әкімі
- Бектасов - "Қазақтелеком" ашық акционерлік  
Әбен Ағыбайұлы қоғамының президенті  
(келісім бойынша)
- Бектұрғанов - Қазақстан Республикасының Білім  
Нұралы Сұлтанұлы және ғылым вице-министрі
- Досжан - Қазақстан Республикасының Ақпарат  
Ардақ Дүкенбайұлы вице-министрі
- Диқанбаева - Қазақстан Республикасының  
Сәуле Әлкейқызы Денсаулық сақтау вице-министрі
- Досымбетов - Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Тимур Камалұлы Олимпиада комитетінің президенті  
(келісім бойынша)
- Қанағатов - Қазақстан Республикасының туризм  
Елсияр Баймұхаметұлы және спорт жөніндегі агенттігі  
төрағасының орынбасары
- Лавриненко - Қазақстан Республикасының Көлік  
Юрий Иванович және коммуникациялар бірінші  
вице-министрі
- Мұзапаров - Шығыс Қазақстан облыстық спорт  
Марат Өмірбекұлы және туризм басқармасының бастығы
- Мурзин - Алматы қаласы әкімінің орынбасары  
Алмат Зарлықұлы
- Мұхамеджанов - Астана қаласы әкімінің орынбасары  
Төлеген Мұхаметжанұлы
- Омаров - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің  
Нұрлан Срайылұлы орынбасары
- Отто - Қазақстан Республикасының Ішкі  
Иван Иванович істер вице-министрі

Сапаров - Батыс Қазақстан облысы әкімінің  
Табылғали Сатқалиұлы орынбасары

Сұлтанов - Қазақстан Республикасының  
Бақыт Тұрлыханұлы Экономика және бюджеттік жоспарлау  
вице-министрі

Тәжібай - Қазақстан Республикасының Туризм  
Бақытбек және спорт жөніндегі агенттігі  
төрағасының бірінші орынбасары

Тоғжанов - Қарағанды облысы әкімінің  
Ералы Лұқпанұлы орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК